

ӘОЖ 336.648.8
ҒТАМР 06.75.61

**ЗАЕМҒА АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
СТРАТЕГИЯСЫН ЖАСАУ**

М.М. Валиева¹, А.С. Хамзина¹, Д.Х. Сагандыкова¹
¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ, Қазақстан

**РАЗРАБОТКА СТРАТЕГИИ ФОРМИРОВАНИЯ ЗАЕМНЫХ ФИНАНСОВЫХ
РЕСУРСОВ**

Валиева М.М.¹, Хамзина А.С.¹, Сагандыкова Д. Х.¹
¹СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск

**DEVELOPMENT OF STRATEGY FORMATION OF BORROWED FINANCIAL
RESOURCES**

M.M. Valieva¹, A.S. Hamzina¹, D.H. Sagandykova¹
¹M. Kozubayev North Kazakhstan state university

Аңдатпа

Кәсіпорын экономикасының жағдайында қарыздық қаржылық ресурстарын пайдалану ерекшеліктерін талдау мәселесі кәсіпорын үшін әрқашан өзекті мәселе, сондықтан ұсынылып отырған жұмыс тақырыбы осы мәселені зерттеуге арналады және жұмыста қарыздық қаржылық ресурстарын пайдалануды ұйымдастырудың қазіргі іс жүзіндегі барысы жан-жақты ғылыми жолмен зерттелініп, оның ерекшеліктерімен жетіспеу-шіліктері айқындалады.

Кәсіпорын қаржылық нәтижелері туралы мәліметтер осы мекемемен өзара әрекет етуші мекемелер үшін қажетті негізгі ақпарат болып табылатындықтан, мекеменің жылдық және кварталдық есептілігінің құрамына енетін кірістер мен шығыстар туралы есебінің толтыру тәртібі қарастырылды.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін талдауға міндетті элементтері ретінде біріншіден, талданып жатқан кезеңдегі әрбір көрсеткіш бойынша өзгерістерді бағалауды енгізеді, («көлденең талдау» көрсеткіштері); Көлденең талдау – әрбір есептілік позициясын алдыңғы жылмен салыстыру;

Екіншіден, табыс пен оның құрылымының өзгеруін бағалау («тігінен талдау» көрсеткіштері); Тігінен талдау әрбір есептілік позициясының жалпы нәтижеге әсерін айқындаумен қорытынды қаржылық көрсеткіштер құрылымын анықтау;

Үшіншіден, бірқатар кезеңдерде көрсеткіштердің өшгеруінің ең болмаса жалпы түрінде зерттеу («трендтік талдау» көрсеткіштері); Трендтік талдау – әрбір есептілік позициясын алдыңғы кезеңдермен салыстырып, трендін анықтау, яғни жекелеген кезеңдердегі жеке ерекшеліктер мен кенеттен әсер етулерден тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі қарқыны. Трендтің көмегімен келешектегі көрсеткіштердің мүмкін болатын мәнін қалыптастырады, содан келе перспективті болжамды талдау жүргізіледі;

Төртіншіден, табыс көрсеткіштерінің өзгеру себептері факторларын анықтау мен оларға сандық бағалау жүргізу.

Түйінді сөздер: қарыз қаражаты, левередж, төлем қабілеттілігі, қаржылық тәуекелдер, ресурс, меншік капиталы, автономия коэффициенті.

Аннотация

Проблема анализа особенностей использования долговых финансовых ресурсов в экономике всегда является проблемой для предприятия, поэтому тема предлагаемой работы посвящена изучению этого вопроса, а текущий практический курс использования долговых финансовых ресурсов в работе полностью научно исследована и выявлены недостатки.

Поскольку информация о финансовых результатах предприятия является важной информацией для учреждений, участвующих в этом учреждении, процедура заполнения отчета о доходах и расходах включается в годовые и квартальные отчеты предприятия.

В качестве элемента обязательства предприятия анализировать свои финансовые результаты, он сначала вводит оценку изменений в каждом показателе за анализируемый период (показатели «перекрестного анализа»); Горизонтальный анализ – сравнение каждой отчетной позиции с предыдущим годом;

Во–вторых, оценки доходов и изменений в их структуре (показатели «вертикального анализа»); Вертикальный анализ – определение структуры конечных финансовых показателей путем определения влияния каждой отчетной позиции на общий результат;

В–третьих, в ряде периодов, по крайней мере, в общем развитии индикаторов («анализ трендов»); Анализ трендов – это тенденция определения тренда каждой отчетной позиции с предшествующими периодами, т. е. основная динамика уточненного индекса на отдельных этапах и внезапные воздействия, формируется с помощью тренда возможного значения будущих фигур, после чего проводится перспективный прогнозный анализ;

В–четвертых, это выявление и количественная оценка причин изменения показателей доходов.

Ключевые слова: заемные средства, леверидж, платежеспособность, финансовые риски, ресурс, собственный капитал, коэффициент автономии.

Annotation

The problem analysis of the implications of using debt financial resources in the economy is always a problem for the company, so the subject of the proposed work is devoted to the study of this issue, and the current practical course using debt financial resources in the work fully scientifically researched and identified shortcomings.

Since the information on the financial results of the LLP is important information for the institutions participating in this institution, the procedure for completing the statement of income and expenses is included in the annual and quarterly reports of the company.

As an element of the company's commitment to analyze its financial results, it first introduces an assessment of changes in each indicator for the analyzed period (indicators of “cross–analysis”); Horizontal analysis – comparison of each reporting position with the previous year;

Secondly, estimates of incomes and changes in their structure (indicators of "vertical analysis"); Vertical analysis – determining the structure of final financial indicators by determining the impact of each reporting position on the overall result;

Thirdly, in a number of periods, at least in the general development of indicators (“trend analysis”); Trend analysis is the tendency to determine the trend of each reporting position with previous periods, i.e. The main dynamics of the refined index dynamics at individual stages and sudden impacts. With the help of a trend, a possible value of future figures is formed, after which a prospective forecast analysis is performed;

Fourth, the identification and quantitative assessment of the causes of changes in income indicators.

Key words: borrowed funds, leverage, solvency, financial risks, resource equity, autonomy ratio.

Кіріспе


Бүгінгі таңда Қазақстандық кәсіпорындардың алдында, негізгі құралдар және ұлттық экономиканың толығымен жетілдіру мәселесі тұр. Бұл мәселе әсіресе қазіргі таңда маңызды, өйткені ел басшысы ұлттық экономиканың тиімділігін жоғарылату мақсатын қойды.

Қарыздық қаржылық ресурстарды талдау алдында біріншіден қаржылық ресурстардың мәнін, негізін ашып алайық. Кәсіпорынның қаржы ресурстарын пайдалану – бұл белгілі бір нәтижеге жету үшін қаржылардың түрлеріне әсер ететін мақсатты бағытталған әдістер, операциялар, тұтқалар мен тәсілдердің жиынтығы.

Кәсіпорынның қаржы ресурстары – бұл қаржылық міндеттемелерді орындауға және кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды жүзеге асыруға бағытталған кірістер және сыртқы түсімдер нысанындағы ақшалай қаражаттардың бір бөлігі.

Сонымен қаржы ресурстары пайда болуына байланысты ішкі (меншікті) және сыртқы (тартылған) болып бөлінеді. Таза табыс кәсіпорынның қолында болады және оның басқарушы органдарының шешімі бойынша бөлінеді [1, б. 32–49].

Қарыздық қаржылық капиталдың құрамы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздық ресурстардың бөлінуі көрсетілген (1 Сурет).



1 Сурет Қарыздық ресурстардың құрылымы
Сыртқы немесе тартылған қаржылық ресурстар меншікті және қарыздық болып бөлінеді. Осылай етіп бөлу берілген кәсіпорынның дамуына

Зерттеу әдістері

Сыртқы қатысушылар ресурстарды салатын капитал нысанына байланысты: не кәсіпкерлік ретінде, не ссудалық капитал ретінде. Сәйкесінше кәсіпкерлік капитал салымдарының нәтижесі тартылған меншікті қаржылық ресурстардың құрылуы болса, ссудалық капитал нәтижесі қарыздық қаражаттардың құрылуы болып табылады [3, б. 206–369].

Қарыздық капиталдың пайдалылығын есептегенде, қарыздық капитал қарыз алушының жағынан қарастырылуын ескеру керек, сондықтан қарыздық капиталдың пайдалылығы келесі 1 формулада берілген [4, б. 55–84].

$$ҚКП = \text{таза табыс} / \text{қарыздық капитал} * 100\%, \quad (1)$$

Сатылым тиімділігі таза табыстың айналысқа және басқа сауда кірістеріне деген қатынасымен есептеледі. (сатылымнан кірістерге).

Сатылым тиімділігі коэффициенті өндірістік және коммерциялық қызмет тиімділігін сипаттап, кәсіпорын әрбір тенгеден қанша таза кіріс алатындығын көрсетеді, 2 формула бойынша.

$$P_n = \frac{ТП}{ОбС(сатудан \quad табыс)}, \quad (2)$$

Өндірістің тиімділігі – бұл баланстық табыстың өндірістік қорлардың орташа құнына деген қатынасы, 3 формула бойынша.

$$R_{np} = \frac{ПБ}{ПФ}, \quad (3)$$

мұндағы, $\overline{ПФ}$ – өндірістік қорлардың орташа құны (негізгі және айналыс қаражаттары).


Көрсеткіш өндірістік қорлардың құнының бір тенгедегі кірісінің көлемін сипаттайды.

Сонымен, жеке қарыздық ресурстардың түрлері (ссудалар, қарыздар, несиелік берешектер және т.б.) кәсіпорын үшін әр-түрлі бағасы бар. Қарыздық ресурстардың қолдауна проценттер банктік ссудалар міндетті түрде төленеді. Бұл банктік несиенің бағасы тек меншікті процент ретінде төленбей, сонымен қатар алынған кепілдік шығыны мен және т.б. анықталады.

Зерттеу нәтижелері

Автономия коэффициенті (концентрации жеке капиталдың шоғырлану коэффициенті, меншік коэффициенті) – авансталған қаражаттардың жалпы сомасында меншік иелерінің үлесін сипаттайды. Коэффициенттің мәні қаншалықты жоғары болса, соншалықты кәсіпорын барынша қардылық тұрақты және сыртқы несиегерлерден тәуелсіз.

Қаржылық автономия коэффициентінің өзгеру динамикасы (2 Сурет) [3, б. 74–98].



Сурет 2 2015–2017 жж. қаржылық автономия коэффициентінің өзгеру динамикасы

2 Суретке сәйкес бұл көрсеткіш барлық қарастырылып жатқан кезеңдерде нормативті мәннен төмен. Бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақсыздығын куәландырады.

Өтімділік көрсеткіштері мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері бір-бірін өзара толықтырып, және жиынтығында кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы хабарлайды.

Егер кәсіпорында өтімділіктің кері көрсеткіштері орын алып, бірақ қаржылық тұрақтылығын сақтап тұрса, онда оның қиын жағдайдан шығу мүмкіндігі бар.

Мекеменің қаржылық жағдайы мен тұрақтылығы көбіне жеке және қарыз капиталдың арақатынасы қаншалықты оңтайлылығына тәуелді болып келеді.

Кәсіпорынның қызмет ету процесінде оның активтер көлемі де, олардың құрылым да өзгерістерге ұшырайды.

Тігінен талдау кәсіпорынның қаражаттарының құрылымы мен көздерін көрсетеді, 9 кестені қараңыз.

Тігінен талдаудың көлденең талдаудан басымдығы, инфляциялық процестердің кері әсерін белгілі бір дәрежеде тегістеп жіберетін, қаржылық есептіліктің абсолютті көрсеткіштерін бұрмалайтын салыстырмалы көрсеткіштерді қолдану болып табылады, сол арқылы ол динамикада салыстыруды қиындата түседі.

Сондықтан кәсіпорын тартылған қарыздық қаржылық ресурстарды аса қолданбайды және кәсіпорын өз экономикасын бір қалыпты ұстайды.

Қорытынды

Қаржылық қорытынды есептің негізгі нысаны бола отырып, бухгалтерлік теңгерім есеп беретін мерзімге кәсіпорын мүлкінің құрамы мен құрлымын, ағымдағы активтердің өтімділігін, меншікті капитал мен міндеттемелердің нақты барын, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жағдайы мен серпінің анықтауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттарының көлденең талдау көрсеткіштері бойынша есептік кезең соңында 0,1%–ды құраған. Бұл кәсіпорынның бір жыл ішінде төлем қабілеттілігінің төмендегенінің дәлелі.

Әдебиет:

1. Әбдікерімова Г.И., Кәсіпорын экономикасы, Алматы, 2015., 98 бет.
2. Бердалиев К.Б., Сатқалиева Т.С., Сейтқазиева А., Инновациялық менеджмент, Алматы, 2017 жыл.
3. Масалимов С.Ж., Зиядин С.Т., Қаржылық менеджмент: Оқу құралы. – Семей: Printmaster, 2016ж. – 120б ет.
4. Нарықтық экономикадағы қаржы менеджментінің маңызы және қажеттілігі // Экономика негіздері. Основы экономики. – 2017 – № 3 – 75–88 бет.
5. <http://www.stat.gov.kz>.